



ҚазМұнайГаз
CNPC

Мұнайлы

Газет 2009 жылдың
01 мамырынан
шығады

www.mmg.kz

“Маңғыстаумұнайгаз” акционерлік қоғамының газеті

№11 (86), желтоқсан, 2016 жыл

ӨЛКЕ



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл!

Құрметті мұнайшылар, қадірлі әріптестер!

Сіздерді Ел Тәуелсіздігіне 25 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл күн - біздің Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі мереке. Азаттық аңсаған елдің арманы бұдан 25 жыл бұрын орындалып, бүгінгі Қазақстан Республикасы өз мемлекеттілігін жариялаған болатын. Ынтымақты ұран, татулықты ту еткен бейбіт халқымыз осы уақыт аралығында толағай табыстарға жетті. Тәуелсіздік күні - ғасырлар бойы азаттық аңсаған халқымыздың өшкені жанып, ең асқақ арманы орындалған күн. Тәуелсіздікке ұмтылыс қашан да кедергі мен күреске толы болғаны әмбебап аян. Осы ауыр жолда тағдырдың талай сынағына төтеп беріп, бостандық үшін күреске бар ғұмырын арнаған боздақтардың жанкешті еңбегі мен ерен ерлігін еске алатын қастерлі мереке.

Тарихтан алар тәлім мол. Біз өткенімізге құрметпен қарап, болашағымызға сеніммен көз тіккен халықпыз. Тәуелсіз ел атану тек биік мәртебе ғана емес, сонымен қатар орасан зор жауапкершілік жүгін арттындығын да біз жақсы түсінеміз.

Желтоқсан айының алғашқы күні сындарлы шақта бірлік пен елдікті, татулық пен достықты ту етіп, тәуелсіздікті баянды, егемендікті еңселі ете білген “Ұлт көшбасшысы” күнін атап өттік. Қазақ жұртын әлемге бейбітсүйгіш ел, толерантты ұлт ретінде танытқан Қазақ Қазақстан Республикасы тұңғыш Президенті күні Алаш баласының басына бақ орнаған күн болып тарихта қалатыны шындық. «Елі еріне, ері еліне»

сенген еліміз бен Елбасымыздың мәртебесі әлем елдері алдында мәңгілік биіктей берсін!

Быыл «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы үшін де тарихи жыл. Жетібайдан бастау алған жарты ғасырдан астам тарихы бар өндірістің өрлеу үрдісі Тәуелсіздік жылдарында ел экономикасының еңсе тіктеуіне жол ашты. Маңғыстау мұнайының тарихы Тәуелсіздік шежіресімен бірге өріліп келеді. Мұнайлы Маңғыстаудағы алпауыт компания деңгейіне қол жетті, Тәуелсіздікпен бірге түледік.

“Тәуелсіз елдің қуаты – мұнайы мен газында” дегендей, ширек ғасыр уақыт бойы ел экономикасының құретамыры саналатын мұнай-газ саласындағы толағай табыстарға қосқан субелі үлес, қажырлы еңбектеріңізге алғыс айта отырып, жанұяларыңызға береке-бірлік, дендеріңізге саулық тілейміз. Бірлігіміз бекем, тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болғай! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның Басқармасы

Бас директор

Бақыт Иманбаев

Бас директордың бірінші орынбасары

Пәй Цзяньшэн



Жастар - Тәуелсіздік тірегі

ЖАНАМ ДЕГЕН ЖҮРЕКТЕРГЕ ОТ БЕРДІ

Билығы жылдың 1-желтоқсан күні елордамыз Астанада Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл толуына және 1-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы күніне арналған республикалық жастар форумы өтті. Форумның негізгі мақсаты - жастар саясатының қазіргі ахуалын талқылап, оны одан ары дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу, еліміздің 25 жылда жеткен жетістіктерін саралап, барша жастарды «Қазақстан-2050» Стратегиясының міндеттеріне жұмылдыру болатын.

Еліміздің түкір-түкірінен жиналған 1000-ға жуық жастың басын қосқан мәртебелі шараға Ұлт көшбасшысы Нұсұлтан Назарбаевтың өзі қатысып, басқосуың мәртебесін асырды.

Форумға қатысқан еліміздің әр өңірінен келген жастардың арасында еңбек етіп, қоғамдық шараларға етене араласып жүрген жас ғалымдар мен шығармашылық саласының жас тарландары, сан саланың сайыпқырандары болды. Қарапайым зауыт жұмысшысынан бастап, компания басшысы, мәслихат депутаты, елдің атын шартарапқа әйгілеп жүрген әнші мен олимпиада белестерін бағындырған спорт шеберлері де осы жерден табылды. Барлығы - елдің ертеңіне бейжай қарамайтын өрендер. Елбасымыз «Отаны бірдің жүрегі бір» демекші, сан түрлі саланың өкілі болғанымен Форумда бас қосқан жастардың мақсаттары ортақ, мүддесі бір екендігіне көзжеткіздік.

Форумда Қазақстан Президенті ең алдымен: «Жастарымыз бақытты болсын! Еліміздің болашағы сендер арқылы мықты болады! Қазақстанымыз, еліміз мәңгілік болсын!» - деп ізгі тілегін жеткізіп, еліміздің жеткен табысының тарихы - ең алдымен, оның жастары қол жеткізген табыстың тарихы екенін атап өтті.

Одан әрі, мемлекет басшысы, еліміз



тәуелсіздік алған бастапқы уақыттағы мемлекеттілікті қалыптастырудың қиын кезеңі туралы әңгімелеп, республикамызда жастардың өмірден өз орнын табуына бірегей мүмкіндіктер жасалғанына, бүгінгі таңдағы жедел өзгеру үстіндегі әлемнің заманауи талаптарына сай келетін, сын-қатерлеріне лайықты төтеп беретін сапалы білім алудың маңыздылығына назар аударып, «Баршаға – кәсіби білім» бағдарламасының енгізіліп жатқанына тоқталып кетті. Бұл жастарға өндірістен жұмыс орнын табуына кепілдік беретін, алғашқы жұмысы мамандығын тегін алуға мүмкіндік беретін бірегей бағдарлама.

Жас кәсіпкерлер де Елбасы назарынан тыс қалмады, Мемлекет басшысы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында жас кәсіпкерлерге қолдау көрсету ісіне зор мән

беріліп отырғанын айтып, бұл қолдау жылдан жылға еселене түсетіндігін жеткізді.

Тек үстіміздегі 2016 жылдың бірінші жартыжылдығында жас бизнесмендердің 55 жобасына банк несиелерінің пайыздық төлемдерін мемлекет тарапынан субсидиялау түріндегі қаржылық қолдау көрсетілді. Біздің мақсатымыз – еліміздің шағын және орта бизнесінің Қазақстан өнімінің жартысынан астамын өндіруіне қол жеткізу, – деді Елбасы.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы «Жасыл ел», «Дипломмен ауылға» сынды бағдарламалардың жүзеге асырылуына тоқталып, тәуелсіздік жылдарында жас зерттеушілер мен ғалымдар санының арқанын айтып, ғылымды қамтитын экономикаға көшу оның өсімін ікемділігін, қарқындылығын және орықтылығын қамтамасыз ететінін атап өтті.

Елбасының ерекше тоқталған кезекті тақырыбының бірі дамыған елдерде қарқын алып келе жатқан жастар инновациясы болды.

Қазақ жастары ортасында да стартап санының артуы үшін осындай қолайлы жағдай жасау қажет деп санаймын. Қазір елімізде алғашқы табысты жобалар пайда бола бастады. Осы тәжірибені өрістетуге түсу керек. Бұл – Білім және ғылым министрлігі басшылығының, жоғары оқу орындары мен Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басшыларының міндеті, – деді Мемлекет басшысы.

Расында да инновация – экономиканың қозғаушы күші. Бүгінгі заманның өндірісті инновациясы елестету қиын. Форумда жана техника мен технологияны меңгерген замандастарымыздың ортамызда көп екенін, олардың өзгерістерден қорықпай, өміршен, еркіндік жобаларын ұсыну дан тартынбайтынын көріп, қуандық. Осындай креативті жастар барда еліміздің келешегі

кемел болады деген сенім жігерімізді жандыды.

Шындығында да, өндірілетін өнімнің өзіндік құнын төмендетіп, адам еңбегі тиімділігін арттыру бүгінгі күні біз кызмет ететін мұнай өндірісі саласы алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі. Алдағы жылы компания жас мамандар Кеңесі күн тәртібінде жеті бақылауда болатын бағыт та осы болмақ.

Соңында Елбасы баршаға денсаулық, бақыт және игілік тілеп, Форумға қатыса алмаған, өңірлерде тілекші боп қалған барша жұртқа сәлем жолдап, мемлекеттің барлық табысына еліміздегі тұрақтылықтың, тыныштықтың және 100-ден астам этнос өкілдері достығының арқасында қол жеткізіліп отырғанын атап өтті.

Форум одан әрі Үкімет мүшелерінің қатысуымен өткен пленарлық отырыспен жалғасты. Қазақстан Республикасы Үкімет басшысының орынбасары Иманғали Тасмағамбетов бастаған министрлер Н.Гүмилев атындағы Еуразиялық Ұлттық Университет қабырғасында жастармен кездесті. Кездесуде жастар саясатының бүгінгі ахуалы мен оны жүзеге асырудың тиімді жолдары, денсаулық сақтау мәселесі, білім беру және жұмысқа орналасу, жастар арасындағы қылмыстың жолын кесу, жастар кәсіпкерлігі сынды тақырыптар аясында келеді мәселелер көтерілді. Жан-жақты пікір алмасу бағытында өткен жүзлес жылда қатысушылар қоғам өміріндегі сан мәселелерді көтеріп, Үкіметтің назарына ұсынды. Жастар тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар беріліп, тіл, дін, әлеуметтік саладағы түйткілді мәселелер төңірегінде бір қатар ұсыныстар берілді. Сондай-ақ кездесу барысында «Қазақстан жастары - 2016» ұлттық баяндамасының таныстырылымы өтті.

Қорыта айтқанда, Астана сапарын «Мен сенемін жастарға, Алаш атын аспанға, Шығар олар бір таңда, Мен Жастарға сенемін» деген Мағжан Жұмабаевтың деген жыр-аманатының, Тәуелсіздіктің ұлдардың келешекті кемел, болашақты баянды етеді деп жауапкершілік арқан аға бұнының үмітінің өміршеңдігі туралы оймен түйінделгені жөн көрдім. Жастар форумы, ондағы Елбасының көшпелі кенесі тәуелсіз Қазақстанды өркендетіп көшінен қалдырмайтын, ұлтты ұшпаққа шығарар жастарға даңғыл жол салынып жатырғандығын тағы бір дәлелдеді. Елбасының жігерлі сөздерінен қанаттанып шыққан жастар әлі талай-талай жетістігімен еліміздің тасын ерге домалатар деген сенімдемін. Өзіміз секілді мыңдаған жастың арасынан іріктеліп, Форум делегаты атанудың өзі жігерінді қайрап, өз мүмкіндігіне деген сенімді нығайта түскендей.

Ғани Әбдісәдқ



МҰНАЙШЫ ЖАСТАР ФОРУМЫ

Қараша айының 24-25 күндері Ақтобе қаласында "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ компаниялар тобы жас мамандарының III сәтін өтті. Достұрлы шараға еліміздің түкір-түкірінен 100-ден астам мұнайшы жастар жиналып, қауіпсіздік техникасы, дуалды білім беру жүйесі, жастар Кеңесі жұмысын ұйымдастыру, жас мамандарды ғылым мен инновацияға баулу сияқты маңызды әрі қызықты тақырыптар аясында тәжірибе алмасып, ой бөлісті.

Слет шеңберінде орын алған ерекше шаралардың бірі - Ақтобе облысының әкімі Бердібек Машбеқұлы Сапарбаев мырзамен және "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ адам ресурстарын басқару жөніндегі вице-президенті Серік Сақбалдыұлы Әбденовпен кездесу болды. Еркін форматтағы жүздесу емен-жарқын әңгімеге ұласып, екі тараптың - сұрақ қоюшы жастарды да, аға буын өкілдерін де бей-жай қалдыра алмады.

Жылдың жастар басқосуының куәсі ретінде Ақтобе паркінде Серік Сақбалдыұлы бас болып мұнайшылар қолымен отырғызылған бақтың қалуы да жақсы шара болды. Өсуіңді, өркендеуіңді нышаны деп бағаладық.

Слеттың тағы бір жарқын сәті - құрыш қол мұнайшылардың Ақтобе облысы тұрғындарына Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арнаған концерті болды. Бір күнге ұңғыманың құлағын бұрайтын кілт-қашақты микрофон мен домбыраға, мұнай сінген қара шекпенін жарқылдаған сахналық костюмге айырбастаған жас мұнайшылардың концерті, Бердібек Машбеқұлы айтпақшы, көсіпкі өртістердің концертінен кем түскен жоқ! "ҚазТрансойл", "Ембімұнайгаз", "Өзенмұнайгаз", "ҚазТрансойл", "Ембімұнайгаз", "Өзенмұнайгаз", "Қаражанабасмұнай", "ТұлпарМұнайСервис", "ТенізмұнайСервис", "АрғмакTransService", «ОКК», «ОСК» компанияларынан жинақталған өнерпаз-жастардың ішінде

"Манғыстаумұнайгаз" жастарының шоқтығы биік болғанын мойындау керек. Өндірісте жүріп, өнерді өлтірмеген өрендер - Еділ Бекмұраттың "Мұнайшы монологы", Айбек Жұрымбаев, Бауыржан Ходжаев секілді домбыраның құлағында ойнайтын жігіттердің өнері көпшілікті тәнті етті. Бұдан өзге, Манғыстау топырағында поэзия жарына қалам тербеп жүрген жас мұнайшы ақындардың "Тәуелсіздік толғауы" атты театрландырылған сахналық қойылымы мерейімді асырып, жан тебірентті. Бауыржан Ходжаев, Райымбек Түзелов, Нұржан Дүйсенбаевтың мұнайшы өрпістерімен концерт шымылдығын ашып, Тәуелсіздікке тағзымды толғағанда Ақтобе халқының жастарға деген ыстық ықыласында шек болған жоқ. Ағайынды Жақыпұлов, Әлімжан Бөлекбаев, Қайрат Қарабалаев, Нығмет Қалдыбаев «Жаңғырған Манғыстауды» шыржағанда да көрермендер тік тұрып қол соқты, қошемет көрсетті.

Форумының екінші күні С.Әбденовтың бастауымен Ақтобедегі қарттар үйінде болып, тағдырдың тегіне ұшыраған қамқөңіл қариялардың көңілін аламан мұнайшылардың концерт беруін тұрғындар көптен болмаған жақсы кеш болды деп бағалап, өнерпаздарға баталарын жаудырады. Өншейінде мұнайлы түбектің табиғатындай түзеле шыныққан қайсар мінезді көрінісін жастардың үлкендерді бөктейтін аялаған қайырымдылығын көргенде қарттардың еріксіз сүйсінгеніне куә болдық.

Ел игілігін еселеп, таңын атысы, кештің батысы желдің өтінде, күннің көзінде жүрген мұнайшы - өнерпаздар үшін бұл



да бір талағай тәжірибе, үлкен мектеп екендігі даусыз. Бір облыстың аумағында жүргенмен әр компанияда еңбек ететін бір-біріне бейтаныс жастарды Ақтобе топырағы табыстырды... Өнерге жақын жандардың ғана емес, қоғамдық өмірде, өндірісті өркендету бағытында ортақ көзқарасы бар пікірлес орта қалыптасты. Форум тарқағандағы ең қимас сәт – Атырау мен Алтайдың арасынан жиналған жастардың бір-бірімен қимай қостасуы еді. Өркім өз еліне жақсы идеялармен, озық бастамалармен, оларды өз компаниясында жүзеге асырау деген құлшыныспен тарасты.

Сенім ақталды, абырой артты деген осы. Біздің делегацияның олжасы - Манғыстау жастарының дарыны мен ауызбіршілігі Ақтобе халқын ғана емес, алыстан ат арытып жылыған жастарға жаңа серпін, мол шабыт сыйлағаны болды.

Жанат Кемал

Естелік

БАҒЫНДЫРҒАН БЕЛЕСТЕР



- Сағын Еркасулы, Сіздің Тәуелсіздік туралы ойыңыз...

- Биыл Қазақ Елі өз Тәуелсіздігінің ширек ғасырлық мерекесін тойлауда. Бұл, әрине, үлкен тарихи оқиға. Осыдан 25 жыл бұрын, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы арман еткен Тәуелсіздікке қолымыз жетті, және мемлекет құрылды. Қазақстанымыз дүниеге келген жас нәрестедей аяғын тәй-тәй басып, жылдан жылға қадамын нығайта түсті, аты күллі әлемге танылды. Бүгінде тұлға бойы қайратпен жігерге толы 25 жастағы жас жігіттің болды! Біз үшін Тәуелсіздік күні - ең қастерлі күні.

- Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ел экономикасы мен халқымыздың әлеуметтік жағдайының күрт төмендегені белгілі, осы күрделі кезеңнен компанияны қалай өткендігі туралы айтып берсеңіз.

- Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында, біз оның нығаюына, экономикасының өсуіне, әлеуметтік саясатының дамуына, халқымыздың тұрмыс жағдайының жақсаруына қосқан үлесіміз қандай, осы 25 жыл ішінде не бітірдік, егеменді еліміздің қуатын арттыру үшін неңдей істер тындырдық дегені туалады.

Кенес Одағы тарағаннан кейін бұрынғы орталықтандырылған экономикалық саясат құрдымға кетті, одақтас республикалар арасындағы өндірістік байланыстар үзілді, материалдық-техникалық ресурстары мен

1991 жыл - еліміздің Қазақстан деген атпен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жылы. Сол сәттен бері міне 25 жыл да өте шықты. Елбасының басшылығымен бүкіл қазақстандықтардың «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» аянбай еңбек етуінің арқасында еліміздің аяғынан нық тұруына қол жеткізілді. Еліміз үшін өткелекті күрделі кезеңнен біздің компаниямыздың қалай өткендігі туралы Манғыстау облысының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері, «Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамын көп жылдар басқарған Сағын Еркасулы Қырымқұловпен сұхбат құрған болатынбыз:

жабдықтау салалары үлкен дағдарысқа тап болды, ірі-ірі кәсіпорындар өнім шығаруды қысқартты. Ел экономикасының дамуының негізгі саласы болып табылатын мұнай-газ өндірісі материалдық-техникалық ресурстармен жабдықтаудың жетіспеуінен көптеген кідірістерге тап келді. Мұнай өндіруші кәсіпорындар, оларға сервистік қызмет көрсететін үлкенді-кішілі мекемелер уақытты жұмысшылардың жақаларының төлей алмайтындай жағдайға душар болды. Мекемелердің жалақы бойынша борыштары 10-12 айға дейін жетті. Бұл жағдай жұмысшылар арасында толқулар туғызды. Сол кезде мұнайдың бір баррелінің құны 9 долларға дейін төмендеді. Өндіріліп сағылған мұнайдың құны, оны өндіруге жұмсалған шығынның жаба алмады. Бюджетке бережақ бірнеше миллиардқа жетті. Егін өсірумен айналысатын облыстар, өздерінің егін науқанына алған жанар-жағар майларының төлемдерін қайтара алмады. Осындай жағдайда «Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының банкротқа ұшырау қаупі туы. Акционерлік қоғамға шетелдік инвестиция тарту арқылы ғана, оны тұйықтан шығаруға болатыны дәлелденді. Өткізілген тендер қорытындысы бойынша 1998 жылы «Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамын басқаруға стратегиялық инвестор бөлініп, индонезиялық «Централ Азия Петролиум ЛТД» компаниясы келді. «Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы еңбек ұжымымен инвестордың бірлесіп атқарған жұмыстары арқасында ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру - экономикалық саяси және әлеуметтік тұрақтылықты сақтап қалуға, мұнайшылардың тұрмыс жағдайларын жақсартуға қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Сол кезде кен орындарының энергетикалық ахуалын жақсарту, мұнай өндіру жүйесіндегі қондырғыларының өнім беру тиімділігін арттыру, өндіріске жаңа техникалар мен озық технологияларды енгізу басты мүдде болды. Өндірістің негізгі

қорларының көнеуіне, материалдық-техникалық ресурстардың ұдайы жетіспеушілігіне қарамастан Қаламқас кен орнында жер асты қабаттарына су айдау көлемін ықшамдау жөніндегі дәлелді шешімдер қабылданып, жер асты қабаттарының қысымын ұстау жүйелерін реттеу арқылы кен орындарының энергетикалық жағдайын жақсартуға қол жеткізілді.

Ұңғылардың өнімділігін өсіру мақсатында бұрланды сораптар, «Қуду» насостарымен жер асты қабаттарын сұйықтықпен үлкен қысыммен терең жару әдістерін қолдану бойынша көлемді жұмыстар атқарылды. Қаламқас кен орнында ұңғыларға су айдау жүйесінде шыны-пластикалық құбырларды пайдалану сәтті шешім болды. «Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы ірі кен орындарының бірі - Жетібайда мұнай өнімінің төмендеуіне жол бермеу және оны көбейту мақсатында Ресейдің «Спецмашиностроение и Металлургия» акционерлік қоғамымен бірлесіп отырып өндіріске өнімділігі төмендеген ұңғыларда жерасты қабаттарын сұйықпен үлкен қысыммен терең жару технологиясын қолдануға байланысты көлемді жұмыстар атқарылды және сол арқылы үлкен нәтижелерге қол жеткізілді. Жағдайда көрсетілген көлемді жұмыстар нәтижесінде кәсіпорынның қаржы-экономикалық жағдайы айтарлықтай жақсарды.

- Компанияның аман-есен экономикалық тығыздықтан шыққаннан кейінгі кезеңде кәсіпорын қызметін әрі қарай дамыту бағытында қандай жұмыстар атқарылды?

- 1998 жылы «Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы 3 миллион 333 мың тонна мұнай өндірген болса, 2007 жылы бұл көрсеткішті 5 миллион 642 мың тоннаға дейін жеткізді. Осы көрсетілген мерзім ішінде жыл сайын мұнай өсімі 300 мың тоннаға жетті. Қаламқас және Жетібай кен орындарында пайдалану ұңғыларын қазу кезінде алынған

жаңа геологиялық және геофизикалық материалдарға терең ғылыми тұрғыдан сараптама жасалды. Америкалық консалтингтік «Скотия групп» компаниясы (АҚШ, Даллас қаласы), «ҚазНИПИмұнайгаз» АҚ және «Ғылыми өндірістік орталық» серіктестігімен бірлесіп отырып аталмыш кен орындарының алғашқы қорларын қайтадан есептеді және мемлекеттік қорлар комитетінде бекітті. Қаламқас кен орнының жаппы мұнай қоры алғашқы бекітілгеннен 25,5 пайызға өсіп 641,3 миллион тонна құрады, ал өндіруге болатын мөлшері 208 миллион тоннаға өсіп 24,8 пайыз болды. Жетібай кен орнының жалпы геологиялық қоры (запасы) 384,3 миллионға дейін, немесе 15,4 пайызға өссе, өндіруге болатын қоры 129,3 миллион тонна құрады, немесе алғашқы бекітілген мөлшерінен 0,3 пайызға өсті.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында орын алған қиыншылықтарды жеңе білген «Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы облыс тұрғындарының әлеуметтік тұрмыс жағдайларын жақсартуға көп көңіл бөлді. Жұмыссыз қалған ауыл тұрғындары мен алыс және таяу шетелден ата-жұртына көшіп келген оралман ағайындар жұмысқа орналас-тырылды, Аққудың елді мекенінде жеті жылдық мектеп салынған іске қосылды, Жетібай, Мұнайшы поселкелерін газификациялауға үлкен көмек көрсетілді. Ақтау қаласында теңіз суын тұщытатын зауыт, «Ардагер» сауда орталығы, «Ақтау» ойын-сауық орталығы салынды, «Манғыстаумұнайгаз» АҚ әкімшілік ғимараты күрделі жөндеуден өткізіліп, қосымша асем көз тартатын құрылыспен толықтырылды.

Соның 3 жылдың ішінде «Манғыстаумұнайгаз» АҚ жыл сайын 6 миллион тоннадан астам мұнай өндіру компанияның Отанамыздың экономикалық қуатының қарқынды дамуына қосқан үлесі және Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына жасалған үлкен тартуы деп білеміз.

Берілген мүмкіндікті пайдалана отырып «Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының бүкіл ұжымын Тәуелсіздік күнімен шын жүрегімен құттықтаймын! Тәуелсіздігіміздің айбыны асқақ, тұғыры биік болсын!

Мерейлі тойың құтты болсын, ұлы Отаным! Жаратқан ием жар болғай! Еңбек сүйгіш, еркін өскен Қазақстан халқының жетістіктерін мол еткелі!

- Сұхбатыңызға рахмет. С.Ғалидуллин

Дневники побед Независимости

ПО ВОЛНАМ МОЕЙ ПАМЯТИ: АЗИАДА-2011



За 25 лет Казахстан добился больших успехов в политическом и социально-экономическом развитии, в области межнационального согласия, культуры и спорта. Спортивные успехи Казахстана – это часть тех великих достижений нашей страны, которые произошли за годы Независимости. Для наших нефтяников одним из самых ярких и запоминающихся событий стало участие в январь-феврале 2011 года в VII зимних Азиатских играх!



Накануне старта Белой Азии, Правление Общества приняло решение отправить на игры в Астану и Алматы 43 сотрудника компании, из числа передовиков производства.

VII зимние Азиатские игры стартовали с красочной Церемонии открытия на великолепном стадионе «Астана-Арена». Почти 30 000 зрителей за три часа, словно за одно мгновение, пронеслись через несколько эпох. Рождение земли, Ноев ковчег... Сакская культура, Аль-Фараби, современность... Пегасы, дождь, снег... Это было воистину грандиозное зрелище!

Наш коллега, мастер ЦНИП ПУ «Жетібаймұнайгаз» Нурлан Берсугуров, был одним из тех счастливых, кому повезло наблюдать за восхитительной картиной.

- У меня перед глазами до сих пор стоит, та фантастическая церемония, - вспоминает Нурлан Берсугуров. - Я тогда впервые приехал в столицу, и сразу - на Азиаду.

Увидел своими глазами великолепный стадион и не менее великолепное зрелище! Церемония прошла на высшем уровне! Аж дух захватывало... Мне очень понравилось! Это был исторический момент для всего народа и, наверное, один из самых волнующих дней в моей жизни.

Целую неделю весь спортивный мир следил за выступлениями сильнейших азиатских спортсменов, выступавших на современных стадионах и комплексах, специально построенных к зимним играм. За этот небольшой промежуток времени, люди во многих уголках планеты, благодаря телевизионным трансляциям, лучше узнали Казахстан, познакомились с историей, культурой нашей страны, увидели уникальные спортивные объекты. И, конечно же, с интересом узнали о спортивных результатах, показанных в двух столицах Белой Азии.

Безусловно, весь Казахстан в эти дни с замиранием сердца следил за нашей мужской сборной по хоккею, которая считалась главным фаворитом турнира, и спортсмены сполна оправдали ожидания болельщиков.

- Никогда бы не подумал, что буду прыгать от счастья и радоваться нашим победам как мальчишка, - вспоминает старший оператор ЦДНГ-3 Тахир Усекенов. - Я словно вернулся в детство. Наши хоккеисты дружно громили всех своих соперников. На стадионе была потрясающая атмосфера. Мы радовались каждой заброшенной шайбе. Не важно, кто был рядом с тобой, мы обнимались, прыгали от счастья и радовались все вместе. Это были наши общие Победы, которые нас объединяли. Ведь известно, что ничто так не сплачивает народ, как победы в большом спорте. Это был настоящий триумф нашей сборной. Блестящий! Удивительный! Уникальный! Поэтому наши выдающиеся достижения вызвали небывалый подъем патриотизма, чувства гордости за страну!

- Это были необычные Игры, - сказал тогда руководитель группы по социальным вопросам ПУ «Каламқасмұнайгаз» Жалғас Сабиртаев. - Когда на ледовой арене идет неуточенная борьба, забываешь обо всем, чувствуешь накал страстей, который витает в воздухе, всеми фибрами души хочешь, чтобы



твоя команда выиграла. Вскипавешь с места, как ужаленный, когда наши забивают гол! И накатываются на глаза слезы, когда побеждают наши спортсмены, видишь их радостные лица. Эти Игры объединили нас. Сплотили ради будущего нашей Родины, будущего наших детей...

Процание с Азиадой получилось красочным и трогательным. Зрители то оказывались в бескрайних степях Сарыарки, то слышали речи арабских мулрецов и музыку пустынь, то наблюдали за цветением сакури... Такая она - неповторимая Азия! А вот настает черед легенд. На сцене появляются Мать-Земля и маленький мальчик. Ребенок встает в центре, и интернациональная команда спортсменов поднимает его вверх. Это легенда о вершине. У каждого она своя...

Главный рекорд Игр – 32 золотые медали, завоеванные казахстанскими спортсменами в упорной борьбе с соперниками из Японии, Южной Кореи и Китая. 25 лет назад на Азиатских играх в Саппоро сборная Японии выиграла 29 золотых медалей, и с тех пор никому не удавалось завоевать больше. Сборная Казахстана установила новый рекорд!

VII зимние Азиатские игры – стали еще одной яркой страницей в истории независимого Казахстана, символом наших громких побед и вдохновляющих достижений, свидетельствами которых стали и нефтяники «Манғыстаумұнайгаз»!



ЕГЕМЕНДІК - ЕЛ БАҚЫТЫ, ЕРТЕҢІ

Биыл халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған еркіндігіне - 25 жыл.

1991 жылы тәуелсіздімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде еліміз көптеген елеулі табыстарға қол жеткізді. Халқымыздың тыныштығы мен кәуіпсіздігі, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығы Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты көреген саясатының нәтижесі.

Мемлекетіміздің тәуелсіздігі - ең алдымен халқымыздың бақыты. Алғашқы жылдарда басым мақсаттардың қатарында егемендікті нығайту, ұлттық кәуіпсіздікті қамтамасыз ету, экономикадағы қиыншылықтарға жауап беру болған еді. Сондықтан бүгінгі күні халқымыз өткеннен қалған тарихи өнегені, отансуыптігі, ұлттына деген махаббаты жоғалтпай, әрі қарай жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлуі керек деп ойлаймын.

Қазақстан — қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Еліміз өлшеусіз табиғат байлығымен ғана емес, ең алдымен сан түрлі ұлттардан құралған халқымен ерекше екенін ұмытпаған абзал. Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу — біздің бұнының бағыты болуы тиіс.

«Oil Services Company» ЖШС де ұйымшылдықпен, бар күш-жігерімен еліміздің өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосуда. Негізгі жұмыс саласы бұрғылау мен ұңғыларды күрделі жөндеу бригадалары алға қойған міндеттемелерін уақытымен орындап келеді. Ұзақ жылдар бойы қажырлы еңбектерімен алда келе жатқан көптеген тәлімгер - жұмысшыларымыз, соның ішінде атап айтсақ Басбаев

Аманжол, Алтайғұлов Утеңберген, Ванов Тілек, Қаржаубаев Құдайберген, Джумағұлов Махамбетали және тағы да көптеген азаматтарымыз мақтау қағаздарымен, төс белгілерімен, медальдармен марапатталды.

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы акционерлік қоғамының "Үздік маман - 2016" жұмысшы мамандары арасындағы кәсіби шеберлік Конкурсының нәтижесінде де серіктестігіміз айтулы жетістіктерге қол жеткізді. Бұрғылау бригадалары арасынан Алтайғұлов, ұңғыларды күрделі жөндеу бригадалары арасынан Ботаевтың бригадалары бірінші орындарды жеңіп алды.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығы мен мұнайшылар күні мерекесіне орай қыркүйек айында Астана қаласында, «ҚазМұнайГаз» АҚ ұлттық компаниялары арасында өткен спартакиадада жеңіл атлетикадан ұңғыларды жер асты жөндеу және дайындау цехының операторы Нұрмұханбетов Сапармұрат бірінші орынға ие болды. Сапармұрат 100 метрге жүгіруден 11 секундта келіп мұнайшылар арасында рекорд орнатты. Қазіргі таңда Дзюдодан спорт шебері, Ақтау қаласында өткен «Джиу - Житсу» күресінен бірінші орынды жеңіп алған Сұлтанмұрат әлем чемпионатына қатысуға Польша мемлекетіне аттанды.

Өздерінің негізгі жұмыстарынан бөлек Кенжешов Жөнбек бастаған Жастар одағы да мәдени іс-шараларға ат салысып келеді. «ҚазМұнайГаз» АҚ ұлттық компаниялары арасында осы мерекеге орай өткізілген концертте әншілеріміз Жақыпов Саламат пен Нұрсәбевова Әсет өз өнерлерін көрсетіп қайтты.

Серіктестіктің осы жетістіктерінің бәрі Тәуелсіз егеменді еліміздің жан-жақты өсіп-өркендеуіне қосқан үлесі



деп білемін. Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, бәріміз бір жағадан бас, бір женнен қол шығарсақ алыңбайтын қамал жоқ деп және де Елбасының халқына артып отырған үміттерін ақтау үшін аянбай еңбек етеміз деген сенімдемін.

Осындай мерейлі шақта барша қазақстандықтарды, соның ішінде күндіз-түні еліміздің экономикасын арттырып, қара алтын өндіру жолында жүрген бар мұнайшыларды Ұлттық мерекеміз - Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Көк байрағы желбіреген, бүгінгідей абыройлы да айбынды, беделді де берекелі, ынтымағы мен бірлігі жарасқан еліміздің тәуелсіздігі баянды болғай.

Мырзағали Масатов, «Oil Services Company» ЖШС директоры

ОСК-дан – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА

Әлем халықтарының күрес түрлерін зерттеушілер бұл спортты байырғы жеке-жеке өнер түрлерінің бір саласы деп таниды. Мамандар адамзат тарихындағы алғашқы дерек ретінде, біздің дәуірімізден үш мың жыл бұрын Бени-Гассан жеріндегі пұтхана қабрғаларындағы суреттерден көне мысырлықтардың күрес пен шұғылданатындықтарын алға тартады.

Сол сияқты жапондықтардың өте байырғы «ерой нуми-учи», «носи-номавари» күрес түрлерімен тамырлас, шаолин дерекнамасында «күресудің 72 түрі» атты трактат жазылған. Қазіргі қытай археологтары біздің жыл санауымыздан бұрын Хан патшалығы дәуірінде өмір сүруге ежелгі түріктердің қонысын ашып, (Шинан қаласы маңында) екі мыс табақша тапты. Табақшалардың бетінде екі адам бір-бірімен қоян-қолтық ұстасып, күресіп жатқан сипаты ашық бейнеленген. Қытай ғалымдары бұл балуандарды түріктердің аргы тегі саналатын гүндар деп ұйғарып отыр.

Мақаламыздың тарих бетіне үңіле отырып бастауымыздың өзі сол күрес туралы, күрестің хас шебері туралы болмақ.



2009 жылы мектеп бітіріп Ақтау қаласындағы Болашақ колледжіне оқуға түскеннен кейін, Дзю-До күресімен жаттығуды бастады. Өзінің іс-әрекетімен, шеберлігімен ол азантай уақыт ішінде көптеген жарыстарда жоғарғы жүзделі орындарға ие болды. Дзю-До-дан халықаралық жарыстардың жеңімпазы және Маңғыстау облысы бойынша чемпионы атағына ие болған Сапармұрат бүгінде спорт шебері.

2012 жылдан бастап жапондық күрестің бір түрі «Джиу - Житсу» мен айналыса бастады.

2014 жылы Астана қаласында Қазақстан бойынша өткен «Джиу - Житсу» чемпионатынан бірінші орын алып, Франция мемлекетінде өткен әлемдік чемпионатта елу мемлекеттің ішінен бестік орынға табан тіреп қайтты. Бұл Қазақстан үшін үлкен жетістік болды.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығы мен мұнайшылар күні мерекесіне орай, қыркүйек айында Астана қаласында, «ҚазМұнайГаз» АҚ ұлттық компаниялары арасында өткен спартакиада да жеңіл атлетикадан бірінші орынға ие болды. Сапармұрат 100 метрге жүгіруден 11 секундта келіп мұнайшылар арасында рекорд орнатты.

Спорттың қай түрінен болса да намысты қолдан бермей жүрген осы бір азаматты, өзі бірге еңбек етіп жүрген ұжымы да мақтан тұтып, тілегін тілеп отырады.

Жұмыстан бос уақытының бәрін Қаракөз спортзалында өткізетін Сапармұраттың жаттықтырушы - бапкері Маңғыстау облысы бойынша Джиу-Житсу федерациясының президенті Дюсенбиев Болат.

Қыркүйек айының 20-21 де Ақтау қаласында өткен Қазақстан бойынша чемпионатта еліміздің түпкір-түпкірінен қатысқан 150 адамның арасынан жарып шығып, бірінші орынды жеңіп алған Сұлтанмұрат, Польша мемлекетінде қараша айында өтетін әлем чемпионатына жолдама алды. Жаттықтырушысы Дюсенбиев Болат өз шәкірттерінің барлық шеберліктерін көрсетіп, ұлттық құрамаға кіруіне мүмкіндіктері барын айта отырып, Маңғыстаулық спортшылар әлем биігінен көрінді деп үлкен сенім артуда.

Ел үмітін ер ақтар, Ер атағын ел сақтар – демекші Сапармұрат елінің, отбасының, еңбек етіп отырған ұжымының үмітін ақтар- деп бізде сенеміз.

Дінмұхамбет баласы Сапармұрат, Күрес десе ардайым алда тұрад. Намысын қазғыншы қолдан бермей.

Көк туды жеңіспен, көкке самғат – деп Сапармұратқа аңжел тілей отырып, елге жеңіспен оралуына тілектеспіз.

А. Алдабергенова «Oil Services Company» ЖШС ӘСП инженері



«Oil Services Company» ЖШС «Қаламқас-Сервис» өндірістік басқармасының ұңғыларды жер асты жөндеу және дайындау цехының операторы, қарапайым қазақтың қара баласы Нұрмұханбетов Сапармұрат жапондық күрес «Джиу - Житсу» дан әлем чемпионатына қатысуға Польша мемлекетіне жолдама алды.

Сапармұрат 1992 жылы 06 аусымда Маңғыстау облысының Тұштықұдық ауылында жұмысшы отбасында дүниеге келді. Әкесі Есбосинов Дінмұхамбет «Арғымақ» ЖШС жүргізуші, анасы Тоғызбаева Күнсүлу мейірікке болып жұмыс жасайды. Өзі жанұядағы бес баланың ортаншысы. 2015 жылы Сындар есімді бойжеткенмен жаңға құрды. Бүгінде Бекжан атты ұл бала тәрбиелен отырған ұйған отбасы. Кішкентай күнінен спортқа жаны құмар Сапармұрат,

КӨК ТУДЫҢ ЖЕЛБІРЕГЕНІ

жаныма қуат береді

Қазақстан – тәуелсіз ел. Тәуелсіздік – ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт - сананың мызғымас тірегі, күші, алтын дінгеі, халықтың бақ жұлдызы. Тәуелсіздік – арман! Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша арман бар. Сол арманға біздің қазақ халқы жетті. Осы тәуелсіздікке жету жолында еліміздің басынан сан түрлі қиындықтар өтті. Тарихқа көз жүгіртер болсақ XIX ғасырдағы қазақ батырларының орыс патша үкіметіне қарсы көтерілісінен кейін, XX ғасыр қазақ халқына ауыр тиді. Он алтыншы жылғы көтеріліс, жиырмасыншы жылдардағы аштық, отызыншы жылдардағы қуғын сүргін, Ұлы Отан Соғысы, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы. Осындай ғасырдан ғасырға жылдардан жылға жалғасқан ұзақ күрес арқасында 1991 жылы көптен күткен тәуелсіздікке қол жеткіздік. Сол тәуелсіздігімізге ие болған жылдар ішінде қаржы дағдарысының қиындықтарына қарсы тұра білдік. Еліміз тұрақты даму жолына түсіп, биік белестерді бағындырды. Әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енді. Экономикамыз жылдан жылға даму үстінде. Еліміздің экономикасының қаршыта дамуына аймағымыздың мұнай-газ өндіріс кешені өз үлесін қосуда. «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС-і өз кезегінде мұнай газ кешеніне сервистік қызмет, яғни көлік тасымал қызметін көрсетеді. Осы жылдар ішінде мекемеміз де

гүлденіп, жұмысшыларымыздың тер төгіп, аянбай еңбек ету арқасында көркейе түсті. Үлкен ұжымымызда ауызбіршіліктің арқасында қоян қолтық жұмыс жасалуда. Мекемемізде тәуелсіздік жылдарынан бері қызмет етіп келе жатқан қызметкерлерімізді айта кетуді жөн көріп отырмыз. Олар Бозашы технологиялық көлік басқармасының автокөлік жүргізушісі Байболат Өмірзақов, Жетібай технологиялық көлік басқармасының автотиегіш жүргізушісі Аралбай Молдағұлов, Маңғыстау технологиялық көлік басқармасының жүргізушісі Таңатар Дүйсембаев.

Сондай-ақ тәуелсіздігіміздің құрдастары, яғни 1991 жылы туылған Бозашы технологиялық көлік басқармасының жүргізушісі Байболат Құсымбаев, Жетібай технологиялық көлік басқармасының жүргізушісі Жүсіп Әдебиетов, Жетібай технологиялық көлік басқармасының цементтеу аргатының машинісі Бақыт Демеменов, Орталық жөндеу шеберханасының жөндеушісі Орынбасар Тілеповтар да жұмыс істеуде. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев: «Тәуелсіздік туын тігуге қаншалықты қажыр-қайрат керек болса, оны қулатпай сақтап қалуға соншалықты қажыр-қайрат керек» - дегендей, тәуелсіздігіміз мәңгі болып, еліміз өркендеп қала берсін. Жиырма бес жылдық бізге тек бақыт пен ырыс алып келсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Маңғыстаудың қара алтыны сарқылмай, ел игілігіне жарап, мекемеміз алға қарай өрлей берсін.



«Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС

СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

Құттықтау



Құрметті жерлестер!

Сіздерді келе жатқан 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойы мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Халқымызға гасырлар бойғы арман болған тәуелсіздік, егемендік ұстанымдарын биікке көтеретін бұл күн – біздің Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі мереке. Ендеше арқашан да әрқайсымыздың кішкене отбасымыздан басталатын кең-байтақ ұлы Отанымыздың тәуелсіздігінің 25 жылдығы құтты болсын, көк аспанымыз бен астақан көк туымыз әрдайым биіктен желбірей берсін!

Ә. Бекжанов,
«Мұнайтелеком» ЖШС директоры

ОРЫНДАЛҒАН АЗАТТЫҚ АРМАНЫ

Халқымызға гасырлар бойғы арман болған тәуелсіздік, егемендік ұстанымдарын биікке көтеретін бұл күн – біздің Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі мереке.

16 желтоқсан – Алты алаштың айбынын айғақтаған, ата-бабамыздың ілігі арманы орындалып, жасамадығымызды жаңа белеске көтерген Тәуелсіздік күні. Отпен гасырдың 1991 жылғы 16 желтоқсанында Президент Нұрсұлтан Назарбаев қол қойған Конституциялық Заңнан бастау алған тәуелсіздігімізге, міне, 25 жыл толыпты. Ендеше, осы орайға дөп келетін «Бақыт-бағасын білгеннің басында ғана тұрады» деген Елбасы сөзі тәуелсіздігімізді тәу етіп тұруға шақырып тұрғандай. Данғайылар «халықтың өмірі мемлекеттің өмір сүруінің маң-мағынасына айналғанда ғана адамдар рухани тірекке табан тірейді» деп тегін айтпаса керек.

Тәуелсіздік бұл азал пен төзімнің, халықтың сан гасырлар бойы еркіндікті аңсаған қажырлы күресінің өтеуі. Тәуелсіздік, бұл, ең алдымен, 1986 жылғы «Желтоқсан» оқиғасында алаңға шыққан жастардың ерік-жігері мен барша Қазақстан жұртының арман-мұратының салтанат құруы. Жалпы, сан түрлі келергілер мен ауыр сындарға қарамастан, ел тәуелсіздігінің әрбір қадамы кай кезде де біздің жүрегімізді айрықша толықныса бөлейді, кеудемізді мақтанш кернейді. Айтары жоқ, осынау шынайы сезімді өзінің туған Отанының патриоты мен оның еркін де азат азаматы ғана сезіне алады.

Тәуелсіздік таңының атқанынан бергі ширек гасыр мерзім ішінде ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болды. «Тіл-адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» деп, ана тілімізді түрлеуші ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы бұдан бір гасырдан астам уақыт бұрын атап көрсеткендей, ана тілі айбынымыз, ана тілі әрдайым ұранымыз болып келеді.

Еліміздің тәуелсіздігі мен мемлекеттілігі орныға түсті, ұлттық қауіпсіздік, экономикамыз жедел қарқынмен дамып келеді, Қазақстан халқытарының өз болашақтарына деген берік сенімі, қазіргі замандағы өркендеті қарымдастық ортасында іргелі еліміз айналады.

Елдің біртұтастығы мен тыныштығын сақтауға бар өмірін сарп еткен хан-сұлтандары мен батырлары тарихқа өшпесіз үлес қосқан ер тілдерінде арлаптан, олардың өлмес рухын ұлт мақтаншы ретінде күні бүгінге дейін жеткізді. Бұл қасиетті шежіре – бүгінгі бұрын арқалы келер ұрпақтың бойына жастайынан сіңірілетін баға жетпес игілік. Осы өнегені, елжандылық, аңсауыштық дәстүрлі жастардың бойына дарыту, патриоттық рухта тәрбиелеу – бүгінгі таңда әрбір қазақстандықтың қасиетті борышы болып табылады.

«Бүгінде қазақ халқы қаһармандықпен қол жеткізген Тәуелсіздігімізге жиырма бес жыл. Бұл мереке әсіресе, Тәуелсіздіктің құрдастары үшін ерекше мейрам. Мен де егемен елдің құрдастымын. Мен 1991 жылы 16 желтоқсанда қазақ халқымыз азаттығын ақ таңын қарсы алған шақта дүниеге келгенмін. Тәуелсіздіктің төл құрдасы атану мен үшін үлкен мәртебе, бақыт және мақтаншы. Сол себепті де 25 жыл бойы дербес Қазақстанның ұрпағының қатарынан екенімді өмірлігімнің кай кездері болса да мақтаншымен айтып жүрмін» – дейді біздің «Мұнайтелеком» ЖШС-де метрологиялық қамту цехінің жұмыскері Қиясов Дәуренбек.

Жас мемлекетіміз үшін ынтымақтастық пен татулықтың, сонымен қатар өткенге деген тағзымы салуат пен болашаққа деген сенімді үміттің мерекесі болып табылады. Қоғамдық өмір сабақтары мен Отанымыздың мүддесі қазіргі таңда патриоттық дәстүрге сай келетін жаңа талаптарды қойып отыр. Ата-бабаларымыздың алдында тәуелсіздік үшін күресу мақсаты тұрған болса, біздің алдымызда оны нығайта түсу міндеті тұр. Тәуелсіздік – ол ұлттық мемлекеттілік, оның тамыры – жасамадық рух, ұраны – ел мен халық.

Олай болса, Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейтойы құтты болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, Қазақстан халқытары жаңа әлемнің жаңалықтарына, жақсылықтарына ұмыла беріп, сөйсіздік, татулық туы биікке көтеріле берсін!

Б.Құлмұрынова,
«Мұнайтелеком» ЖШС

Ер дәулеті - еңбек

ЕҢБЕКПЕН ШИРАП, ӨМІРДЕН ҮЙРЕНГЕН

Ізбасар Жұмажанұлы Демесінов 1960 жылғы 20 қыркүйекте Маңғыстау тарихының бесігі саналатын Түпқараған ауданына қарасты Қызылөзен кеншіларының Саура балықшы ауылында қарапайым шаруа отбасында туған. Қызық, Кендірлі, Сенек кеншіларында Демесінов мен Айгүл нәпақасын адал еңбегімен тауып, балық шаруашылығы, одан кейін қой басын өсіруде екінің еңбегімен елге елеген адамдар еді. Өз заманының қиындығын көптен бірге көріп, жетім-жесірге қол ұшын беріп, әлсіздердің қолтығынан демеген қайырымды кісілер болатын. Олар үйдегі алты баланы да кішкентайынан еңбекке баулып, ақ-қараны танытты.

Балалық шағы құпияға, кереметке толы сұлу Саура шатқалында, ғажайып теңіз жағалауында өткен Ізбасар Ақшұқыр ауылында орталуа мектепті бітіргеннен кейін Ақтау қаласындағы автомобиль жүргізушілер даярлайтын училищені бітіріп, «АТП-1» кәсіпорнында автослесарь болып жұмысқа орналасты. Өзіне берілген тапсырманы жеделбаян орындауы, белсенділігі, еңбекқорлығымен көзге түсті. Сол кездері Қарулы күштер қатарына шақырылып, еліміздің қасірет аймағы болған Семей



құрылысын, жол қозғалысы және автомобильдерді техникалық пайдалану, автомобильдерді сынақтан өткізу, қауіпті жүктерді тасымалдау, автомобильді пайдалану үдерісінде пайда болатын ақауларды табу және жоюды ешкімнің көмегісіз кінәратсыз орындап келеді. Автомобильді жүргізу қауіпсіздігіне ауа-райы жағдайларының көп әсер ететіндігін, жол-көлік оқиғаларының алдын алу тәсілдерін қолдануды өзінен кейін өсіп келе жатқан жас мамандарға үйретуден бір жалыққан емес.

Тан білінбей елден бұрын жұмысын бастап кететін, бір-бірінен шалғай орналасқан нысандарға табиғаты қытымыр өңірді ауыр жолдармен көктей отып, жұмысшыларды, материалдарды тасымалдау жұмыстарын күй талғамай атқарып жүрген Ізбасар Жұмажанұлы – келбеті күннің көзінде жарқын, табиғаты даладай кең, өзі жүрген ортаны баурап алатын ақ пейілді қасиеттерімен көпші құрметіне бөленіп жүрген жан.

Еңбектегі жетістіктері бағаланып, бірнеше дүркін Алғыс хат, Құрмет грамоталарымен, Семей полигонының жабылғанына орай шығарылатын медальдармен және Маңғыстау мұнайының 50 жылдығына байланысты Мерейлі медальмен марапатталды.

Табаны күректей 25 жыл бір жерде тұрақты жемісті еңбек еткен Ізбасар Жұмажанұлы отбасында да бақытты. Өмірдегі жары Әлия Қайырханқызы екеуі үш бала тәрбиелеп өсірді. Гүлзиря, Толғанай, Рысты атты арттарынан ерген, болашақтарынан үміт күттірет жеткіштері желкілеп өсіп келеді.

Еңбекпен ширап, өмірден үйренген Ізбасар Жұмажанұлының өмір жолы еңбек пен бақыттың егіз екендігін дәлелі іспетті.

Үстіміздегі дүбірге толы мерейлі жылы егемен елімізге лайықты адал және кәсіби еңбегімен көпке үлгі болып жүрген, өзінің кемел шағында тұрған Ізбасар зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, еңбекте тын табыстар тілейміз. Шаңырағыңызда береке-бірлік, ырыс-ынтымақ бола берсін!

А.Е.Шошын
«Oil Construction Company» ЖШС



полигонында «Ерекше тәуекелді солдаттар» сапында әскери борышын өтеу – тағдырдың бұйырғаны еді. Қазір ол Семей полигонындағы адролық сынақтардан зардап шеккен адам ретінде Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен тентірілгені көп нәрсені аңғарта берек.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері Ізбасар Жұмажанұлы «Oil Construction Company» ЖШС Көлік және арнайы техника қызметінде автомобиль жүргізуші болып жұмыс істейді. Әр нәрсеге асықпай, бір нәрсеге машықтанған Ізбасар Жұмажанұлы жеңіл автомобильдерді барлық түрін, ұзындығы 7 метрге дейінгі автобустан, жүккөтергіштігі 10 тоннадан 40 тоннаға дейінгі барлық тұрпаттағы жүк тасушы автомобильдерді басқару құрығына ие болған маман.

Тұлпардың шаба жетілген, сұңқардың ұша жетілгені сияқты ол жылдан жылға шеберлігін шыңдап берді. Жұмыс барысында автомобильдерді жоғары өнімді және үнемді пайдалануды қамтамасыз ету тәсілдерін, қызмет көрсетілетін автомобильдердің негізгі техникалық-пайдалану ерекшеліктері және олардың қозғалыс қауіпсіздігіне тигізетін әсерін жақсы білді.

Қайратына өдісін жолдас етіп, автомобильдердің аргетартары, механизмдері мен аспаптарының жұмысын,

МЕРЕКЕГЕ - МЕРЕЙЛІ ІСТЕР



Егемендікті

еншілеген 25 жылда «Маңғыстау-энергомұнай» Серіктестігі де елмен бірге жаңарып, экономикалық даму соқпақтарынан өтіп, табысты компаниялар қатарынан табылып, дамып келеді. Биылғы Тәуелсіздіктің ширек гасырлық мерекесі қарсаңында «МЭМ» ЖШС, басқа да сервистік компаниялар сияқты, қазіргі таңдағы бүкіл әлемді жайлаған қаржылық пен экономикалық дағдарыса қарамастан, еңбек ырықтары бір сөт те төмендетпей, осы жылға белгіленген техникалық қызмет көрсетуінің жоғары қоректіктерінен көрсетуде. Өрине өндірістік жоғарғы нәтижелер мекеме жұмыскерлерінің әлеуметтік – материалды жағдайларын жақсартуда. Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай, Жұмыскерлер мен Жұмыс беруші арасындағы тығыз байланысты орнықтырған ішкі коммуникация Ережелері талаптарын орындау мақсатында Серіктестік ішінде ағымдағы жылдың соңы айларында атқарылып шаралардың кейбіреулерін атап айтсақ:

мердігерлік «ОСС» компаниясы күшімен толықтай асфальтталды; - өндіріс жұмысшыларының демалуына қолайлы жағдайлар жасау және олардың бос уақыттарын салуатта да, тиімді өткізу мақсатында мекеме басылығы кенорындардағы жатақханалар қырауы, матрастарын, орындарын, шафтарын және басқа да қажетті жиһаздарды қайтадан жаңаландырды; - «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, қазан айында «Маңғыстау-энергомұнай» ЖШС жергілікті кәсіптік одақ» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Жетібай» өндірістік базасы жатақханасының аумағындағы жасыл газонмен жабықталған 450 шаршы метр футбол алаңының құрылысы аяқталып, игі шар салтанатты түрде ашылды. Салтанатты шеру құрылдық бөлімшелер арасындағы футбол ойынының тартысына жалғасты;

өндірістік туындалған мәселелерді талқылап, жиналыстарда айтылған жұмысшылар ұсыныстарын қаперге алды;

- мекеменің қозғалуы күші – бастауыш партия ұйымы болғандықтан, 300 – ден астам мүшелері бар «Маңғыстау-энергомұнай» ЖШС «Нұр Отан» бастауыш ұйымының жылдық есеп – беру жиналысы Ақтау қалалық «Нұр Отан» филиалының мамандарының қатысуымен мекеме ғимаратында өтіп, жиналыста Елбасының халыққа жолдаған Жолдауы және «5 институционалды реформаны іске асыратын 100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыру жолында бастауыш партия ұйымының атқарған жұмыстары талқыланды.

Өрине Тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында атқарылып шаралар мен мележенген тапсырмалар ләті әлі де толсақтар емес. Сондықтан игі істерде ұжым мүшелерінің ынтымақтастығы мен жауапкершіліктері, қосып білділіктері мен іскерліктері одан сайын артағын сөзсіз. Сөз соңында, бейбіт еліміздің Тәуелсіздігі барша жұртымызға бағды бақыт пен құт – береке әкелсін! Тәуелсіз Қазақстанның қоркөні жолындағы еңбектеріңіз сәттіліктер мен жаңа бастаналарға, табысқа толы болсын демекші.

Р. Сарсенғалиева,
«Маңғыстау-энергомұнай» ЖШС

